

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің
докторанты Айгерим Шугаевна Каппасованың
8D02301 – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша
философия докторы PhD академиялық дәрежесін алу үшін дайындалған
«БАҚ-тағы интертекстуалдылықтың типтері және репрезентациясы»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

ПІКІР

Айгерим Шугаевна Каппасованың «БАҚ-тағы интертекстуалдылықтың типтері типтері және репрезентациясы» атты диссертациялық жұмысы қазіргі медиалингвистиканың өзекті мәселелерінің бірі – бұқаралық ақпарат құралдарындағы мәтіндер арасындағы семантикалық және мәдени өзара байланыстарды зерттеуге арналған.

Диссертациялық жұмыста зерттеуші интертекстуалдылық феноменінің көпқырлылығын ашып көрсетіп, бұл құбылыстың тек көркем әдебиетпен шектелмей, медиа-дискурста да маңызды қызмет атқаратынын нақты дәлелдермен негіздейді. Автор интертекстуалдылықты медиамәтіннің құрылымдық, мәдени және прагматикалық элементі ретінде қарастыра отырып, оның мәтіндегі ықпалы мен қызметін жүйелі түрде сипаттаған.

Зерттеудің ерекшелігі – автор интертекстуалды элементтерді прагматикалық жағынан талдап қана қоймай, олардың негізгі маркерлері саналатын прецедентті феномендерге ерекше назар аударған. Бұл бағытта қазақ, орыс және ағылшын тіліндегі мысалдарды салыстыра отырып, мәдени тұрғыдағы ортақтықтар мен айырмашылықтарды сипаттайды. Сонымен қатар, ғылыми айналымға алғаш рет «прецедентті символ» ұғымын енгізіп, ұлттық мәдени кодтарды жеткізудегі рөліне назар аударған.

Автордың зерттеуіндегі тағы бір жаңашылдық – Python тілінің көмегімен мәтіндегі прецедентті бірліктерді автоматты түрде тануға бағытталған алгоритмдік үлгіні құрастыруы. Бұл зерттеуге тек теориялық қана емес, сонымен бірге қолданбалы сипат береді. Зерттеу барысында алынған нәтижелер медиа-коммуникация мен мәтін лингвистикасы шеңберінде ғана емес, пәнаралық кеңістікте де сұранысқа ие болары анық.

Диссертант зерттеуінде жүйелі әдіснамалық ұстанымдарды ұстанған. Лингвомәдени тұрғыдан талдау, семантикалық-интерпретациялық тәсілдер, контекстік талдау, сондай-ақ прецедентті мәтіндердің қолданыс аясын айқындауға бағытталған салыстырмалы, сипаттамалы және саралау әдістері кеңінен пайдаланған. Жұмыс ғылыми стиль талаптарына сай, тілі анық, терминологиясы нақты, авторлық пайым мен логикалық тұжырымдар қисынды. Зерттеудегі мысалдар қазақ тілінің мәдени-ұлттық ерекшеліктерін ашуға көмектеседі. Материалдың берілуі дәйекті, стилистикалық ауытқулар жоқ.

Зерттеу барысында қарастырылған мәселелер мен алынған нәтижелерді мәтін лингвистикасы, прагмалингвистика және лингвомәдениеттану, лингвофольклортану салаларындағы ғылыми ізденістерді теориялық тұрғыдан тереңдетіп, толықтыру мақсатында пайдалануға болады. Бұл тұжырымдар аталған бағыттарда жүргізілетін болашақ зерттеулерге негіз бола отырып, интертекстуалдылық пен прецеденттілік құбылыстарын талдаудың жаңа әдіснамалық қырларын ұсынуға мүмкіндік береді.

Жұмыстың құрылымы ғылыми стандарттарға сәйкес құрастырылған: кіріспе бөлімінен бастап, теориялық және қолданбалы бөлімдер, қорытынды және библиографиялық тізім бірізділікпен ұсынылған. Әр бөлім логикалық тұрғыда бір-бірін толықтырып, негізгі мақсатқа жетуге бағытталған. Талдаулар нақты мысалдармен сүйемелденген, авторлық интерпретациялар негізді, тілі ғылыми және мазмұны терең.

Қорыта айтқанда, «БАҚ-тағы интертекстуалдылықтың типтері типтері және репрезентациясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс өзекті, теориялық және практикалық тұрғыдан маңызы жоғары, ғылыми тұрғыда негізделген зерттеу болып табылады. Автор қойылған ғылыми міндеттерді сәтті орындап, отандық тіл біліміндегі маңызды мәселелердің бірін тереңірек ашып көрсете алған. Ізденуші А. Ш. Каппасова 8D02301 – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп санаймыз.

Ш.Ш.Уәлиханов атындағы
Көкшетау университеті
қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының
профессоры, ф.ғ.д.



Бердібай Шалабай

